Макрологистика предусматривает высокий уровень логистизации, когда организация управления, охватывает деятельность нескольких участников в процессе оказания услуг, связанных между собой взаимовыгодной программой. В результате образуется единая логистическая цепь хозяйствующих субъектов, взаимодействующих не только в деле оказания услуг, но и в проведении маркетинговой инвестиционной, финансовой политики.

Микрологистика обеспечивает рациональную организацию внутрифирменных процессов, и главным образом нацелена на повышение эффективности работы самих предприятий, повышение качества обслуживания и снижение стоимости оказываемых услуг.

При формировании логистических систем должны учитываться следующие принципы системного подхода:

- принцип последовательного продвижения по этапам создания системы. Соблюдение этого принципа означает, что система сначала должна исследоваться на макроуровне, т. е. во взаимоотношении с окружающей средой, а затем на микроуровне, т. е. внутри своей структуры;
- принцип согласования информационных, надежностных, ресурсных и других характеристик;

- принцип отсутствия конфликтов между целями отдельных подсистем и целями всей системы.

Алгоритм реализации системного подхода предполагает несколько этапов действий:

Первый этап — определяются и формулируются цели функционирования системы.

Второй этап — на основании анализа цели функционирования системы и ограничений внешней среды определяются требования, которым должна удовлетворять система.

Третий этап — на базе этих требований формируются, ориентировочно, некоторые подсистемы.

Четвертый этап — наиболее сложный этап синтеза системы — анализируются различные варианты, и осуществляется выбор подсистем, организация их в единую систему. В логистике одним из основных методов синтеза систем является моделирование. При разработке модели учитываются: число и размещение транспортно-экспедиционных предприятий и других логистических посредников, количество и размещение складов, транспортные схемы, связь и информационное обеспечение.

При разработке механизма внедрения — суть логистизации осуществляется форматизация логистических задач. Предпочтение отдается такому составу задач, который предусматривает возможность дополнять маркетинговую предметную ориентацию ориентацией, нацеленной на удовлетворение требований клиентов, формулирующих ту или иную потребность в комплексной и единичной услуге и соответствующий платежеспособный спрос. Такой подход дает возможность построения систем управления транспортно-экспедиционными услугами, включая формирование клиентуры, эффективное управление грузопотоками использование различных видов транспорта с учетом вида расстояния перевозок, таможенно-складское обслуживание, страхование, проведение тарифной политики.

ЛИТЕРАТУРА

[1] Долгов А.П., Козлов В.К., Уваров С.А. Логистический менеджмент фирмы: концепция, методы и модели: Учебное пособие, - СПб.: «Бизнес-пресса», 2015. - 384 с.

[2] Интегрированная логистика. Научный информационный журнал, №1. — ВИНТИ, 2015. - 17-19 с.

[3] Экспедирование и логистика. Научный информационный журнал, №2. - ВИНТИ, 2016. - 28 с.

ЛОГИСТИКА КӨЛІК ЖӘНЕ ЭКСПАЙД ҚЫЗМЕТІ

Досжанов Б.А. - М. Тынышпаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі, Ақтау қ., Қазақстан.

Андатпа. Бұл мақалада көлік және экспедициялық қызметтер логистикасы, теміржол көлігінде жүк экспедиторларының жұмыстары қарастырылған.

Түйінді сөздер: логистика, макрология, микрология, логистика.

LOGISTICS TRANSPORT AND EXPEDIENT SERVICE

Doszhanov B.A. - Aktau transport college KazATK them. M. Tynyshpayev, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article describes the logistics of transport and expeditionary services, analyzes the work of freight forwarders in railway transport.

Key words: logistics, macrologistics, micrologistics, logistic tasks.

**Гуманитарлық және жаратылыстану
ғылымдары**

Гуманитарные и естественные науки

УДК 378.14.014

**САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТОВ КАК ОСНОВА
ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ
ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

Абдыкеримова Э.А.

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. Современное общество ставит перед высшей школой задачу подготовки специалиста знающего, мыслящего, умеющего самостоятельно добывать и применять знания на практике. В статье анализируются проблемы совершенствования самостоятельной работы студентов, позволяющие будущему педагогу стать творческой личностью, способной к дальнейшему непрерывному саморазвитию и самосовершенствованию. Совершенствование самостоятельной работы студентов это поэтапный процесс развития познавательной деятельности, результатом которой является саморазвитие, самоконтроль, саморефлексия.

Ключевые слова: организации самостоятельной работы, совершенствование самостоятельной деятельности, педагогический процесс, лекция.

Новая образовательная концепция рассматривает в качестве приоритета интересы личности, соответствующие современным тенденциям общественного развития. Если прежние учебные программы были рассчитаны на такие символы обучения, как знания, умения, общественное воспитание, то символами нового взгляда на образование становятся компетентность, эрудиция, индивидуальное творчество, самостоятельный поиск знаний и потребность их совершенствования, высокая культура личности.

Основным принципом организации самостоятельной работы должен стать перевод всех студентов на индивидуальную работу с переходом от формального пассивного выполнения определенных заданий к познавательной активности с формированием собственного мнения при решении поставленных проблемных вопросов и задач. Таким образом, в результате самостоятельной работы студент должен научиться осмысленно и самостоятельно работать сначала с учебным материалом, затем с научной информацией, использовать основы самоорганизации и самовоспитания с тем, чтобы развивать в дальнейшем умение непрерывно повышать свою квалификацию. Решающая роль в организации самостоятельной работы студентов (СРС) принадлежит преподавателю, который должен работать с каждой конкретной личностью, с ее сильными и слабыми сторонами, индивидуальными способностями и наклонностями.

Школа должна получить нового учителя, обладающего качествами, отличными от качеств учителей, ранее выпускавшихся педагогическими вузами, так как средняя школа теперь должна будет готовить молодежь не только для дальнейшего обучения в вузах, колледжах и т. д., - отныне средняя школа становится профильным.

Какими же качествами должен обладать подготовленный педвузами учитель? Прежде всего, он должен уметь мыслить, уметь творчески работать; он должен в совершенстве владеть основами своей дисциплины; знать методологию этой дисциплины и ее связь с другими дисциплинами, а также ту роль, какую данная дисциплина играет в жизни; он должен владеть методами изучения данной дисциплины и методикой развития данной дисциплины в познании объективного мира и достаточными знаниями и по другим дисциплинам; кроме того, он должен обладать необходимыми практическими навыками и знанием методов обучения и воспитания молодежи. Вот те основные, на мой взгляд, качества, какими должен обладать учитель XXI века. Подготовка такого учителя, так же как и любого другого специалиста, в значительной мере зависит от умения студентов работать самостоятельно, ибо только самостоятельная работа может научить студентов мыслить, работать творчески, глубоко и прочно овладеть основами его специальности.

Самостоятельная работа студентов должна быть одной из главных основ при получении высшего образования. На первый курс университетов поступают лица, окончившие среднюю школу и сдавший ЕНТ. Средняя школа, к нашему сожалению, не приучает в достаточной мере учащихся к самостоятельной работе. Поэтому одной из основных задач профессорско-преподавательского состава вуза является задача научить студентов работать самостоятельно.

Успешное привитие студентам навыков к самостоятельной работе определяется, как мне кажется, организацией обучения, высоким теоретическим и научным уровнем преподавания.

В подготовке учителей средней школы курс информатики является одним из важнейших. Он ставит своей целью: 1) дать студентам основные знания по всем разделам информатики, содействовать формированию и развитию мировоззрения; показать значение информатики для других наук и ее прочную взаимосвязь с техникой; 2) привить студентам основные практические навыки, познакомить их с методами научных исследований и практическими применениями в жизни; 3) научить студентов применять полученные знания при самостоятельном решении конкретных практических вопросов; 4) подготовить студентов к изучению теоретических основ информатики, архитектуры компьютера и других дисциплин на старших курсах педагогических факультетов и к самостоятельной работе по пополнению своих знаний после окончания университета [1].

Известно, что основными формами педагогического процесса обучения информатики в вузе являются лекции, практические и лабораторные занятия. Все эти формы педагогического процесса обучения, конечно, не должны являться самостоятельными, оторванными друг от друга, а должны быть связаны между собой общим единым планом, дополнять друг друга и способствовать привитию навыков к самостоятельной работе, но в то же время каждая из этих форм должна преследовать свою основную задачу, являющуюся частью общей задачи, стоящей перед курсом информатики.

Основной формой педагогического процесса в вузе является лекция. Она, так же как и другие формы педагогического процесса, должна ставить себе целью привитие студентам навыков к самостоятельной работе.

Перед началом чтения курса у каждого лектора возникает вопрос о том, как распределить программный материал по часам, в каком порядке и с какой глубиной излагать тот или иной раздел программы, как лучше преподнести программный материал студентам и т.д. Но очень часто из внимания профессорско-преподавательского состава выпадал и выпадает в настоящее время вопрос о том, что лекции, кроме сообщения основных знаний должны развивать логическое мышление,

вызывать интерес к данной науке; должны научно, в ясной и доходчивой форме раскрывать студентам методику изучения информатики как науки и указывать пути к ее изучению; должны ставить перед студентами вопросы, которые являлись бы стимулом к самостоятельной работе студентов над учебником, учебным пособием т.е. лекции должны толкать студентов не к простому изучению науки по сделанным записям, а к творческому изучению науки информатики, они должны учить студентов учиться.

Такие лекции могут потребовать больше времени для их чтения, чем отводится по плану. Но это не должно препятствовать чтению таких лекций. Время для них может быть найдено, если некоторые разделы программы не читать, а отнести на самостоятельное изучение их студентами по учебникам и учебным пособиям. К решению вопроса о том, какие разделы из программы могут студентам не читаться, нельзя, конечно, подходить механически. При решении этого вопроса, по моему мнению, необходимо принимать во внимание следующее: исключенные разделы программы должны быть доступными для самостоятельного изучения их студентами, а кроме того, они не должны нарушать систематичности и глубины изложения всего курса, не должны нарушать внутренней связи между отдельными разделами программы. Ибо, если это допустить, то вместо целостного курса получится курс, состоящий из суммы отдельных, не связанных друг с другом сведений. Такой курс нельзя назвать научным, и ему не место в высшей школе. Если данный раздел не нарушает систематичности курса и на этот раздел в практических занятиях есть задачи, то этот раздел, безусловно, можно не читать, а отнести к самостоятельному изучению его студентами по рекомендованной лектором литературе. При отсутствии в практическом занятии задач на нечитаемые студентам разделы программы преподавателю, ведущему упражнения, следует рекомендовать во время проведения занятий решить со студентами на каждый из этих разделов по несколько хорошо подобранных задач, а несколько задач задать для самостоятельного решения их студентами на дому, с последующей проверкой правильности их решения. О проведении занятий на эти разделы студенты должны быть предупреждены заранее.

Такой подход к решению этого вопроса обеспечит самостоятельное изучение соответствующих разделов студентами и контроль за ним. Вопрос о том, какие разделы программы не будут читаться, должен быть решен, конечно, до начала чтения лекций и должен быть предметом серьезного обсуждения на кафедре при рассмотрении тематических планов и силлабусов. Необходимо при этом учесть, что тематические планы преподавателей, ведущих практических занятий должны быть согласованы с планом лектора и в них должны быть учтены и те разделы программы, которые отнесены для самостоятельного изучения. Решение кафедры по этому вопросу должно быть своевременно доведено до сведения студентов.

Как и всякая работа, самостоятельная работа, также требует контроля за ней со стороны лектора. Повседневный контроль лектору обеспечить довольно трудно, но контроль лектор может осуществить во время СРСП. СРСП должен проводиться в виде непринужденной беседы преподавателя со студентами и должен, с одной стороны, дать возможность проверить знания, выяснить трудности, возникшие у студентов при изучении данной темы, а студентам возможность выяснить непонятое ими при самостоятельной работе над данной темой, с другой же стороны, он должен вызвать у студентов ряд новых вопросов, ответы на которые углубили бы их знания, помогли бы раскрытию методов изучения информатики. СРСП должен вызывать - стимул к самостоятельному, более глубокому, изучению информатики и обращению большего числа студентов к преподавателю за консультациями и советами [2].

Значение упражнений, т.е. решения задач, для усвоения и более глубокого понимания курса информатики, а также и для привития навыков к самостоятельному творческому труду чрезвычайно велико. Этот вид педагогического процесса ставит своей задачей научить студентов применять полученные знания к самостоятельному решению конкретных технических и практических вопросов, а также и к решению расчетных задач.

Успех в достижении целей, поставленных перед этой формой педагогического процесса, зависит безусловно от правильного планирования, организации этой формы педагогического процесса и, конечно, от методики проведения занятий. Опыт показывает, что для достижения указанных целей чрезвычайно большое значение имеет подбор задач для решения в аудитории и для решения их студентами на дому. Задачи, по нашему мнению, должны быть подобраны таким образом, чтобы каждая из них служила для достижения вполне определенной цели, обеспечивала бы проявление некоторой своей собственной инициативы со стороны студентов при ее решении, требовала бы знания и понимания тех физических явлений, о которых говорится в задаче, и нахождения связи между этими явлениями. Кроме того, подбор задач должен обеспечить связь материала, охватываемого этой задачей, с ранее изученным материалом программы, помогая студентам осознать систему курса и воспитывая у них диалектическое и логическое мышление, обеспечивая тем самым более легкий переход от решения простых задач к решению задач более сложных.

Методика проведения этих занятий должна быть такой, которая, с одной стороны, учила бы студентов находить пути к решению задач, а с другой - обеспечивала бы самостоятельное решение задач каждым студентом. Эта методика должна раскрыть студентам на примерах решения задач в аудитории сущность методов решения задач и вызывать у них интерес к самостоятельному решению задач, так как научиться решать задачи студенты могут только в том случае, если они систематически будут решать их сами.

Известно, что самостоятельное решение каждой задачи является творческим, носящим исследовательский характер, трудом студента. Этот труд приучает студента к логическому мышлению, прививает навыки к анализу данной задачей, учит находить связь между теорией и практикой и помогает творческому усвоению, более глубокому познанию и их практического применения [3]. Поэтому обеспечение самостоятельного решения задач каждым студентом и контроля за этой самостоятельной работой является одной из важнейших задач, стоящих перед преподавателем, ведущим практических занятий. Казалось бы, что задачи, заданные студентам для решения на дому, должны решаться каждым студентом самостоятельно. Но, к сожалению, это не так. Опыт показывает, что если всей группе студентов для домашнего решения даны две или три одинаковые задачи, то некоторая часть студентов действительно решает эти задачи сами, но большая часть их идет по более легкому пути и пользуется трудом своих товарищей. Даваемые преподавателем студентам советы о том, что наибольшую пользу студенту приносит самостоятельное решение задачи, а не разбор списанного у товарища решение ее, конечно, не приносят нужного эффекта и не увеличивают числа студентов, решающих заданные задачи самостоятельно. Самым лучшим методом, обеспечивающим наибольшую вероятность самостоятельного решения домашних задач студентами является задание индивидуальных задач каждому студенту или двум-трем студентам.

Этот метод, конечно, вызывает трудности у преподавателя в подборе такого большого количества задач на каждый раздел программы и требует от него затраты большого количества времени на проверку решений этих задач [4]. Для сокращения этого времени можно при проверке решений задач только фиксировать ошибки,

допущенные при решении задач, а короткое разъяснение по их сути давать при возвращении студентам их работ на одном из последующих аудиторных занятий с ними. Проведенная проверка этого метода дала положительный результат.

При проведении этого метода заметно увеличилась активность студентов при проведении аудиторных занятий. Наблюдалось увеличение числа студентов, приходящих на консультации. Опыт также показал, что при этом методе большинство студентов в течение всего семестра были вынуждены более или менее систематически работать над учебниками, учебными пособиями.

Условия, обеспечивающие успешное выполнение СРС:

1. Постановка познавательных задач.
2. Алгоритм выполнения работы, знание студентом способов ее выполнения.
3. Четкое определение преподавателем форм отчетности, объема работы, сроков ее представления.
4. Определение видов консультационной помощи (консультации установочные, тематические, проблемные).
5. Критерии оценки, отчетности.
6. Виды и формы контроля (практика, контрольные работы, тесты, семинары).

В настоящее время перед педагогами и исследователями в рамках организации самостоятельной работы стоят задачи по разработке такой системы обучения, при которой у студентов появится интерес к самостоятельному добыванию знаний, к самостоятельному решению нестандартных задач, что позволит формировать такие качества личности как самостоятельность и ответственность. Решить данные задачи становится возможным путем обдуманного подбора методов обучения, при которых студенты включаются в изучаемую ситуацию, побуждаются к активным действиям, переживают состояние успеха и соответственно мотивируют свое поведение.

Все сказанное подтверждает, что практические задания в привитии студентам навыков к самостоятельной работе, к творческому труду при правильной их организации и соответствующей методике их проведения играют чрезвычайно важную роль.

Для повышения эффективности самостоятельной работы студента учебные пособия следует дополнять методическими рекомендациями, выполняющими руководящую и направляющую роль. В рекомендациях должны быть основные положения – обращать внимание на особенности изучения отдельных тем и разделов, помогать отбирать наиболее важные и необходимые сведения из содержания учебного пособия, а также объяснения вопросов, которые обычно вызывают наибольшие затруднения. Ориентировать лекционные курсы на оптимизацию самостоятельной работы, разрабатывать задания, предполагающие нестандартные решения, максимальное использование творческого потенциала.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Бобылева Н.И., Рыбак Е.В., Цихончик Н.В. Самостоятельная подготовка студентов в условиях перехода на многоуровневую систему образования. Учебно-методическое пособие для студентов высш. учеб заведений. – Архангельск: КИРА, 2007. –139 с.
- [2] Троянская С.Л., Савельева М.Г. Компетентностный подход к реализации самостоятельной работы студентов: учебное пособие. – Ижевск: Изд-во УдГУ, 2013. – 118 с.

[3] Гузанов Б.Н., Морозова Н.В. Организация самостоятельной работы студентов вуза в условиях реализации многоуровневой модели обучения: монография. – Екатеринбург, 2014. - 158 с.

[4] Гречухиной Т.И., Меренкова А.В. Самостоятельная работа студентов: виды, формы, критерии оценки: учеб.-метод. пособие. - Екатеринбург, 2016. - 80 с.

ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ НЕГІЗІ

Абдыкеримова Э.А. - Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Қазіргі қоғам жоғары мектептің алдында білімді, еркін ойлана алатын, өз білімін өз бетінше тәжірибеде қолдануға қабілетті маман дайындауды талап етіп отыр. Мақалада болашақ педагогтың өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті шығармашылық адам болуға мүмкіндік беретін студенттердің өзіндік жұмысын жетілдіру мәселелерін талдайды. Студенттердің өзіндік жұмысын жетілдіру танымдық белсенділігі біртіндеп даму процесі, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі рефлексия болып табылатын нәтижесі болып табылады.

Түйінді сөздер: өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, өзіндік іс-әрекетті жетілдіру, педагогикалық үдеріс, дәріс.

INDEPENDENT WORK OF STUDENTS AS A BASIS OF COGNITIVE ACTIVITY IN THE FORMATION OF HIGH-QUALIFIED SPECIALISTS

Abdykerimova E.A. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan

Abstract. Modern society sets before the higher school the task of preparing a specialist knowledgeable, thinking, able to independently extract and apply knowledge in practice. The article analyzes the problems of improving the independent work of students, allowing the future teacher to become a creative person, capable of further continuous self-development and self-improvement. Improving the independent work of students is a step-by-step process of development of cognitive activity, the result of which is self-development, self-control, self-reflection.

Keywords: organization of independent work, improvement of independent activity, pedagogical process, lecture.

УДК 372.853.02(574)

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Абдыкеримова Э.А., Таушанова Э.А.

¹Ш. Есенов атындағы каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада физика курсына қарастырылатын құбылыстарға оқу компьютерлік модельдерді қолданудың мүмкіншіліктері туралы айтылады. Компьютерлік модельдерді қолданудың дидактикалық ұстанымдары мен оған қойылатын педагогикалық талаптар қарастырылады.

Түйінді сөздер: оқу компьютерлік модельдері, дидактикалық ұстанымдар, физикалық құбылыстар, процестер

Кіріспе. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде ғылыми-техникалық тұрғыдан алға жылжуды жеделдетудің ең маңызды шарттарының бірі адам іс-әрекетінің барша саласында жетілдірілген есептеу техникаларын қолдану болып отыр. Қоғамды компьютерлендіру оқу орны мен педагогикалық ғылым алдына компьютерді оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін қолдану мүмкіндігін зерттеуге қатысты бірқатар міндеттерді қояды. Білім беру саласын компьютерлендіру оқу үдерісінің көптеген аспектілеріне ықпал етеді. Бұл қазіргі заманғы компьютерлердің мол дидактикалық мүмкіндіктерімен айқындалады.

Оқу компьютерлік бағдарламаларды жасауда біз оқыту жүйесінің белгілі бір аясында нақты оқытушылық және оқу іс-әрекеттерін жобалаймыз. Оқу іс-әрекеті оқытушылық әрекеттің аясында іске асырылады. Ол бүтін жүйе ретінде едәуір кең ауқымды оқыту жүйесіне қатысты тәуелді емес, бұл оқытушылық және оқу іс-әрекеттерінің заңдылықтарының бірдей еместігінде байқалады. Бірақ, басқару объектісі ретінде аталмыш іс-әрекет оқытуға тәуелді, ол белгілі бір мөлшерде оқу іс-әрекетін қалыптастыру мен оның қызмет етуінің заңдылықтарының құрылымын айқындайды.

Оқу іс-әрекетінің теориясы мен оқыту бір-бірімен етене байланысты. Біреуіндегі жетістік екіншісінің жасалу деңгейіне тәуелді. Теория мен тәжірибе арасындағы ең маңызды аралық тізбектердің бірі оқыту технологиясы болып табылады [1].

Негізгі бөлім. Оқытудың психологиялық теориясы мен талаптарының ауқымды жиынтығында оқу іс-әрекетінің теориясымен өзара байланыстылары ғана ең маңыздысына жатады. Бұл талаптардың компьютерлік оқыту үшін үлкен маңызы бар, екінші жағынан, оқытудың психологиялық мәселелерін зерттеу стратегиясы үшін де маңызды. Е.И.Машбиц бұл талаптардың мәнін төмендегіше түсіндіреді:

3) Оқыту теориясы суреттемелік қана емес, алдын-ала тағайындаушылық та болуы керек, әрі ол нұсқаулар технологияларға ерік беретіндей формада берілуі тиіс;

4) Оқыту теориясы мен оқу іс-әрекеті бір-бірімен етене байланыста болуы қажет, яғни, бұлардың әрқайсысы оқытушылық және оқытылатын іс-әрекет ретінде өзара байланыстылығы тұрғысынан да танылуы тиіс [1].

Модельдік бағдарламаны жобалау кезінде біз оқытуды даралауды, оның көрнекілігін кеңейтуге, білім алушылардың белгілі бір іс-әрекет тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етуге, оқытуды рефлекті басқаруға, олардың сезімдік және когнитивтік белсенділігін дамытуға, білім алушылар арасындағы рефлексиялық қатынасты дамытуға мүмкіндік беретін психологиялық аспектілерді басшылыққа алдық.

Оқу үдерісі оқытудың білімдік, дамытушылық және тәрбиелік қызметтерін іске асыруда белгілі бір ортақ ережеге арқа сүйейді. Педагогикада бұндай жалпы бастапқы ережелер оқыту немесе дидактикалық ұстанымдар деген атау алады. Оқытудың барлық ұстанымдары өзара байланысты, олар бүтін бір жүйені құрайды. Негізгі ұстанымдар ретінде біз төмендегілерді бөліп алдық:

1. Оқытудың тәрбиелік сипаттағы ұстанымы. Оқу үдерісінде модельдік бағдарламаны қолдану кезінде осы ұстанымды іске асырудағы басты бағыт – ол білім алушылардың интеллектуальдық қабілетін дамыту. Бұл бағыт, әсіресе, компьютерді пайдаланушы білім алушы болған кезде және модель оған зерттеу іс-әрекетінің объектісі ретінде беріліп, білім алушы осы модельдерді зерттеудің жолын өзі іздеп, алған білімін түпнұсқаға аударуы барысында айрықша маңызға ие. Сонымен бірге білім алушыларда материалдық әлемнің біртұтастығы туралы түсініктің қалыптасуы да маңызды. Өйткені, компьютер мен оның мониториянда бейнелердің көрсетілуі жалпы логикалық-математикалық заңдылықты көрсетеді. Компьютермен жұмыс істеу білім алушылардың объективті шындықты тану мен оны түсінудегі компьютердің рөлін пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Ғылымилық ұстанымы. Қоршаған ортаны тану процесі күрделі де қайшылыққа толы. Ғылыми танымның мәні құбылыстан мәнге көшіп, заттың сырттай бейнесін суреттеуден оның ішкі құрылысын айқындауға көшуге келіп саяды. Шынайы объектіде оған тән сан түрлі қасиет пен қатынастан объектінің қызмет сипатын тікелей бақылаудан жасырын болса ең маңыздысын бөліп алу қиын. Оқу үдерісінде модельдеуді қолдану өтілегін объектінің ең маңызды сипатын, ал, кейбір жағдайларда – объектінің маңызы жоқ қасиеттері бойынша, тіпті, абстракциялауға дейін баруға ықпал етеді. Оқу компьютерлік модельдерінің түпнұсқаға ұқсастығы кейбір жағдайларда болмауы да мүмкін.

3. Көрнекілік ұстанымы. Оқу компьютерлік модельдерін пайдалану арқылы бұл ұстанымды жүзеге асырудың маңызы зор. Оқу компьютерлік модельдерді қолдану білім алушылар санасында физикалық құбылыстар мен объектілердің сезімдік бейнелері, ал ол, өз кезегінде идеалдық бейненің қалыптасуына әсер етеді. Оқу компьютерлік модельдердерді жасауда білім алушының қабылдауының психологиялық ерекшелігін ескерген жөн. Соның ішінде, монитор экранында қайсыбір құбылыс не процесс көрсетілсе, онда бұл бейне кескіні құрылымы жағынан соншама қарапайым, өте көп ұсақ бөлшектерсіз, бірден ең маңызды бейне көрінетіндей болуы тиіс. Оқу компьютерлік модельдерінің көрнекіліктерін жасау кезінде сабақтағы сезімдік образдарды олардың дербес дамуы не абстракциялық ой жүйелерінің қалыптасу құралы ретіндегі сипатын айқындаған жөн. Көрнекілік оқу үдерісіне тән, көп дәрежеде білім алушының сезімдік танымына, олардың нақты образдармен ойлауына негізделуі тиіс. Басты назарды білім алушы оқу компьютерлік модельдерін көрсету объектісі ретінде аудиторияда өткізген көрнекілік түрінде пайдалану мен іске асыру ұстанымына басты назар аударған дұрыс [2].

4. Оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымы. Оқу үдерісінде оқу компьютерлік модельдерді қолдану барысында танымдық қызығушылықтарын алға тарту білім алушылардың оқу материалын саналы түрде игеруіне ықпал етеді. Оқу материалын түсініп, оны игеруді білім алушылар тек белсенді танымдық процесте ғана меңгереді. Осыған байланысты, білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды қаралып отырған оқыту ұстанымының маңызды бір қыры деп сипаттауға болады. Оқу үдерісінде бұл бағытты жүзеге асыру, білім алушы монитор экранында өтіп жатқан құбылысты бақылаушы ғана емес, керісінше, компьютерді пайдаланушы, әрі одан ақпарат қана алып қоймай, оның жұмысын басқарушы, бағдарламаның жұмыс тәртібін таңдаушы, модельдер параметрін ауыстырушы, т.б. рөлінде болуы ерекше көкейкестілікке ие.

5. Даралап оқыту ұстанымы. Даралап оқытудың негізі білім алушының жеке бас ерекшелігіне сәйкес даралап оқытуды ұйымдастыру қажеттілігінің негізділігіне келіп саяды. Даралау білім алушының материалды қабылдауының, ойлауының, жеке бас ерекшеліктерін ескеруге негізделген.

Оқу үдерісінде модельдерді тиімді пайдалану үшін физикалық құбылыстардың оқу компьютерлік моделі қандай қасиеттерге ие болу керек, соны бөліп көрсетейік:

1. Динамикалылығы. Қазіргі компьютерлер монитор экранында қарапайым қозғалыссыз суреттерді ғана емес, әртүрлі бейнелер мен құбылыстарды, олардың қозғалысын байқауға мүмкіндік береді. Бұған монитор экранында әр түрлі объектілердің қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құралдардың болуы ықпал етеді. Оқу компьютерлік модельдерінің қаралып отырған қасиеті компьютердің көмегімен кейбір физикалық процестерді көрсету қажеттілігі мен оқытылатын құбылыстың механизмін ашып байқатуда айырықша маңызға ие.

2. Диалогтың болуы. Компьютер мен оны пайдаланушы арасындағы өзара қатынас. Бұл қатынас, ең алдымен, қолданушының модельдеуші бағдарламаның жұмыс

тәртібі мен модельдің параметрлерін алмастыру мүмкіндігінде айқын байқалады. Бағдарлама реакциясы қолданушы іс-әрекетіне дереу жауап беруі тиіс.

Бағдарламаны компьютерде бүтін сөйлем мен ұзақ сөз тіркестерін шығаратындай етіп құрған дұрыс, өйткені, батырмамен жұмыс істеуде айтарлықтай дағдысы қалыптаспаған білім алушыларда мұндай процесс бір жағынан, көп уақыт пен күшін алады, екінші жағынан, модельдеуші бағдарламаны компьютерден шығарылатын сөйлемдер мен сөз тіркестерін түсінетіндей күрделі аппаратпен жабдықтау қажет болар еді. Компьютер мен оны қолданушы арасындағы нақ осындай белсенді қатынас қана оқу компьютерлік модельдермен жұмыс істеу барысында білім алушының шығармашылық, зерттеушілік іс-әрекетіне, оқу компьютерлік модельдерді көрсету объектісі ретінде пайдалануда оқытушының педагогикалық шығармашылығына жол ашады.

Сонымен қатар, компьютерлердің дыбыстық мүмкіндігін ескеру қажет. Дыбыстық сигналдар оқыту бағдарламасымен жұмыс кезінде білім алушы назарын әртүрлі аспектіге аударып, білім алушының қате іс-әрекетін байқатушы, бағдарлама жұмысының барысы туралы хабаршы ретінде қызмет етуі мүмкін. Білім алушының әрекеті жемісті болса, соған ынталандыру ретінде компьютер қайсыбір «саз» орындауы мүмкін. Модельдеуде қазіргі заманғы компьютерлердің дыбыстық мүмкіндігін қолданудың тағы бір жолы - өтіп жатқан әр түрлі процестердің ерекшелігін акустикалық қайталап беру арқылы пайдалану болып табылады.

Оқыту бағдарламасымен жұмыс істеуде дыбыстық сүйемелдеуді барлық жағдайда қолданудың тиімді емес екендігін де ескерте кетсек дейміз. Мәселен, егер бірнеше білім алушы компьютермен қатар отырып, дыбыстық сүйемелдеуге құрылған бағдарламамен жұмыс істесе, олардың бір-біріне кедергі келтіретіні даусыз. Егер дыбыс көзі компьютердің ішінде орналасып, оның дыбыс қатандығын реттеуге болмайтын болса, онда оқыту бағдарламаларға дыбыстық сүйемелдеуді қосу кезінде, пайдаланушы бағдарламамен жұмысқа кіріскен уақытта дыбысты өзі қалауы бойынша «қоса алатындай» (немесе сөндіре алатындай) мүмкіндік жасауға тырысқан жөн [3].

3. Модельдеуші бағдарламалардың жұмысын басқарудың қарапайымдылығы. Бұл қасиет қолданушыдан оқу компьютерлік модельдермен жұмыс істеуде бағдарламаны жіберу мен тоқтатудың қарапайым дағдысын меңгеріп, монитор экранындағы ақпаратты есептеу мен оны батырма басумен енгізу жөніндегі дағдысының болуын қалайды. Компьютерге ақпаратты енгізу процесі көп уақыт алмауы тиіс.

4. Оқу үдерісінде модельдеуші бағдарламаны не оның бөлімдерін қолдануды орындаудың циклдылығы. Физика – эксперименталды ғылым. Сондықтан да, физика курсына экспериментке үлкен рөл берілген. Экспериментті өткізудің негізгі тәсілдерінің бірі – объектінің оның әр түрлі параметрлері мен сыртқы жағдайларында, бір параметрдің осы объектінің басқа параметрлеріне әсер етуі арқылы өзгертуінің ықпалын зерттеу болып табылады. Бұл объектінің қасиетін бейнелейтін заңдылықты айқындау үшін, әдетте, бір емес бірнеше тәжірибе жасау арқылы қол жеткізіледі. Зерттеліп отырған объектінің бір параметрлерінің екіншілеріне тәуелділігін айқындау үшін аталмыш объектінің әр түрлі жағдайындағы оның параметрлерін өлшеуді жүргізу керек, яғни, тым құрығанда екі рет. Мұның бәрі модельдеуші бағдарламаларды не оның бөлімдерін оқу компьютерлік модельдермен жұмыс істеу барысында қолданудың циклдылық мүмкіндігін айқындайды. Циклдылықты басқа жағдайда, яғни, білім алушы оқу компьютерлік модельдермен жұмыс істеген кезде қайсыбір қателікті жіберсе, компьютер оған бағдарламаның бастапқы жағын қайта қайтарып, оған қателік жіберілген іс-әрекетін бірізділікпен қайтара қайталауға ұсыныс жасау кезін пайдалану тиімді. Жалпы, қазіргі заманғы бағдарлама тілінде команданың тармақтары мен

циклдерін ұйымдастыру жиі пайдаланылатын, әрі ең бір тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

5. Ақпараттылық. Бұл қасиет модельдеуші бағдарламаның оны қолданушыға оқылатын объекті жөнінде толық мәлімет беруі, оның аталмыш оқу іс-әрекетінің дидактикалық мақсатымен айқындалатын тереңдігі мен сипатын беру қабілеті түсініледі. Модельмен жұмыс істеу кезінде алынған мәлімет қабылдауға икем болуы тиіс. Бұл ақпараттың оптималдық көлемін бөлшектеуге, оны берудің белгілі бір ырғағын таңдауға, ақпаратты хабарлаудың әр басқа түрлерін пайдалануға (мәтіндер, формулалар, графиктер, қозғалатын және қозғалмайтын суреттер және т.б.), ондағы ең маңызды элементтерді бөліп алуға байланысты қамтамасыз етіледі.

Оқытушы бағдарламалармен жұмыс процесі кезінде экрандағы мәтін шағын, әрқайсысы екі-үш сөйлемнен тұратын әрі мәні жағынан біртұтас ұғымды білдіретін бөліктермен берілуі тиіс. Сонымен қатар құрылысы жағынан күрделі емес, жолы көп мәтін арасын ажыратуды пайдалануға тырысу қажет. Экран мәтін жазылған парақтың көшірмесі болу керек деп ойламау керек. Ақпараты бар бейне қажет болмаған сәтте дереу экраннан өшуі тиіс. Кез-келген материал меңгерілуі үшін белгілі бір уақытты қажет етеді. Егер уақытты басқару бағдарламаның өзінде іске асса, онда оны пайдаланушыға монитор экранында берілген ақпаратты оқуға жетерліктей мерзім беру керек. Мұның бұдан басқа да жолы бар. Оның мәні, әрбір ақпарат бөлімін меңгеруге бөлінген уақытты оқушының өз еркімен пайдалануына рұқсат беруге келіп саяды. Мұндай жағдайда келесі ақпарат бөлшегіне көшу белгілі бір батырманы басу арқылы жүзеге асады.

6. Көрнекілік. Көрнекілік пен ақпараттылық бір-бірімен етене байланыста болғанымен, бірдей емес екендігі белгілі. Қазіргі заманғы компьютерлер монитор экранында әр түрлі объектілерді, процестерді, графиктерді және т.б. бейнелей алатындай бай графикалық мүмкіндікке ие. Бүгінгі күні оқыту бағдарламаларында экрандық графиканы пайдаланып, қозғалыстағы бейнені алу тәсілдерінің үлес салмағы жоғары. Компьютерлік графика монитор экранында әр түрлі объектілерді, графиктерді, схемаларды, физикалық құбылыстар мен процестердің модельдерін көрнекі түрде кескіндейді. Ол білім алушылардың оқыту бағдарламасымен жұмыс істеуі барысында, оларға оқу материалын түсіну мен есте сақтауын жақсартуға жағдай жасайды. Әсіресе, компьютерді тек суретпен берілген құрал есебінде ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың оқу ақпаратымен өз бетімен жұмыс жасауының графикалық түрде берілген құралы ретінде пайдаланған тиімді. Егер білім алушы өзі, монитор экранында қозғалып тұрған кескінді құра алса және оның қозғалысын өзі меңгере алса, онда физиканың қозғалыс заңдарын әлдеқайда жылдам және берік игере алады.

Модельдеуші бағдарламаны құру кезінде назарды бағдарламаларға қойылатын дидактикалық талаптардың орындалуына аудару қажет, олар: білім алушылардың бастапқы оқу деңгейін ескеру; білім алушылардың психо-физиологиялық ерекшеліктерін ескеру; оқытушы бағдарламаны қолдану барысында шешілуі тиісті мақсаттарды айқындап көрсету; оқу мотивтерін қамтамасыз ету; білім алушылардың бағдарламалық іс-әрекетінің болуы; іс-әрекеттің атқарушы компонентін ұйымдастыру; бақылау–реттеуші сипаттағы элементтерді енгізу [4].

Қорытынды. Оқу үдерісінде физикалық экспериментті жасау қиыншылық туғызған кезде динамикалы компьютерлік модельдер өте қажет.

Физикалық құбылыстар мен процестерді компьютерлік модельдеу кезінде көрнекілікті арттыру үшін компьютердің түстік мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Бұдан басқа иллюстрацияланып отырған құбылыстарға түсіндірмені қолданған дұрыс болады. Бұл құрылған бағдарламаның және оның жұмысының нәтижелерін түсінікті етеді, соның нәтижесінде білім алушылардың компьютермен жұмыс істеуге, оқып отырған

тақырыпқа қызығушылық мотиві артады. Модельдеуші бағдарламалардың негізгі құндылығының бірі - модельдеп отырған объекті мен процестің параметрлерін кең ауқымда алмастыра алушылығы болып табылады.

Физикалық құбылыстар мен эксперименттерді модельдеу тек танымдық жағынан ғана маңызды емес, сондай-ақ оқылып отырған материалға қызығуға ынталандырады. Компьютердің көмегімен білім алушы бағдарламаның көлемінде берілген эксперименттер жасауға мүмкіндік алады. Ол құбылыстың параметрлерін өзгерте отырып зерттей алады, өзі жасаған бақылаулар немесе тәжірибелер негізінде, нәтижелерді бақылап және талдай отыра қорытынды жасайды. Бұл кезде оның бойында зерттеушілік, шығармашылық әрекеттері үшін көптеген мүмкіндіктер пайда болады, олар танымдық қызығушылыққа, белсенділікке, ойлау қабілетінің дамуына әсерін тигізеді. Оқу үдерісінде физикалық оқу компьютерлік модельдерді пайдаланудың тиімділігі: егер бұл модельдер біріншіден, дидактика ұстанымынан, екіншіден, физиканы оқыту әдістемесінің ерекшелігінен, үшіншіден, оқу құралы ретінде компьютердің қасиетінен туындайтын белгілі бір дидактикалық талаптарды қанағаттандырғанда ғана артады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. – М.: Школа-Пресс, 2004. – 205 с.

[2] Величко Е.В. Психолого-педагогические проблемы информатизации образования в условиях глобализации //Актуальные вопросы современной психологии: материалы междунар. науч. конф., - Челябинск, 2011. – С. 15-17.

[3] Извозчиков В.А. Дидактические основы компьютерного обучения физике. – Л.: ЛГПИ, 2006. – 91 с.

[4] Сергеев С.Ф. Методологические и дидактические проблемы электронного обучения // Школьные технологии. 2010. № 5. - С. 19–27.

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ МОДЕЛЕЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Абдыкеримова Э.А., Таушанова Э.А. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье обсуждаются возможности использования компьютерных моделей для изучения физических явлений. Рассматриваются возможности использования дидактических принципов компьютерных моделей и педагогические требования к ним.

Ключевые слова: учебные компьютерные модели, дидактические принципы, физические явления, процессы

DIDACTIC PRINCIPLES OF COMPUTER MODELING IN THE PROCESS

Abdykerimova E., Taushanova E. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering., Aktau, Kazakhstan

Abstract. This article discusses the possibilities of using computer models to study physical phenomena. The possibilities of using didactic principles of computer models and pedagogical requirements to them are considered.

Keywords: educational computer models, didactic principles, physical phenomena, processes

ӘОЖ 378.14

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Баярыстанова Э.Т., Нармұханбет Ж.Ө.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Авторлар аталған проблемаға қатысты шетелдік және отандық ғылыми-теориялық әдебиеттерге талдау жасай отырып, педагог-психолог маманның кәсіби құзыреттілігінің мазмұны мен құрылымын анықтап, оған сипаттама берген.

Түйінді сөздер: кәсіптік білім беру, дескриптор, құзырет, құзыреттілік, педагог-психолог.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай жоғары білім беру жүйесінің үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы – заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының жаңаша мазмұны мен сипатына қарай және еңбек сапасына қойылатын талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді.

Қоғамның мұндай әлеуметтік тапсырысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрініс тауып, жоғары оқу орындарын ел экономикасының барлық салалары үшін кәсіби құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға міндеттейді.

Осыған орай қазіргі таңда маман даярлау ісінде пәндік білім беру парадигмасынан құзыреттілікке бағытталған оқыту моделіне, яғни күтілетін нәтижеге бағдарлану орын алуда. Болашақ маманның өзінен күтілетін нәтижелерге, жетістіктерге бағдарлануы студенттердің біртұтас әмбебап білім, білік, дағдылар жүйесін және өздігінен жұмыс жасау, жеке басына жауапкершілік алу, шығармашылық ықылас пен ұтқырлық таныту секілді маңызды сапаларын, яғни тірек құзыреттерін қалыптастыруды және дамытуды қажет етеді.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «оқытудан күтілетін нәтижелер Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді» деп жазылған. Ал «дескриптор (descriptors) – студенттердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы» ретінде анықталған.

Аталған құжатқа сәйкес бірінші деңгейдегі (бакалавриат) дескрипторларға:

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саладағы проблемаларды шешу;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып,

пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;

5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттері жатады [1].

Білім беру жүйесіне қатысты құзыреттілік мәселесін зерттеуде И.А.Зимняя, А.В.Хуторский, Н.В. Кузьмина, Л.В.Свирская және т.б. ресейлік ғалымдар, А.Б.Абибулаева, К.Құдайбергенова, Б.Тұрғынбаев, Ш.Таубаева сияқты отандық ғалымдар үлкен үлес қосып, ғылыми-теориялық талдаулар жасаған. Педагог-ғалымдар құзыреттілік ұғымына, оның түрлеріне жан-жақты сипаттама беріп қана қоймай, сонымен бірге құзыреттілік тұрғыдан білім беру тәсілдерін де іздестірген. Олар құзыреттілік тұрғысынан білім берудің басты ерекшелігі дайын білімді игерту емес, білімді өз бетімен игеруге, оны практикада қолдана білуге жағдай туғызу екендігін баса ескертеді.

И.А.Зимняя құзыреттілік ұғымын адамның әлеуметтік біліктілік сипаттарымен көрінетін зияткерлік және тұлғалық білімдеріне негізделген белсенді түрде қалыптасқан жеке қасиет ретінде түсіндіреді. Ғалым құзыреттіліктің білім, білік, дағдыдан айырмашылығын төмендегіше көрсетеді:

-білімнен айырмасы – алған білімі ақпараттық сипатта қалып қоймай, өнімді қызмет формасына айналады;

-дағдыдан айырмасы – алған білімі бойынша берілген материалдарды жинақтап, ережелер мен заңдылықтарды шығармашылықпен пайдаланудағы сапалы қызмет;

-біліктіліктен айырмасы – алған білімін интеграциялау (кіріктіру) арқылы қалыпты емес жағдайдан шыға білудегі даралығы.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының арақатынасын зерттей келе, И.А.Зимняя құзыреттер адамның ішкі, жасырын жатқан психологиялық сапалары болып табылады және топтаса келе тұлғаның құзыреттілігі ретінде байқалады, ал құзыреттілік адамның акмеологиялық даму формасын білдіреді, яғни тұлғаның белгілі бір білім сатысын аяқтаған және сол білімдер негізінде нәтижелі, өнімді іс-әрекетке дайындығын (қабілеттілігін) көрсететін сапасы деп есептейді [2].

Қазақстандық ғалым Ш.Т.Таубаева құзыреттілікті былайша пайымдайды:

-адамның өзіндік әлеуетін жүзеге асырудағы қабілеттілігі және оған деген ұмтылысы;

-өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін шығармашылық табысқа жетуде көрсете білуі;

-өз әрекетінің нәтижелерінің әлеуметтік мәнін түсінуге жауапкершілікпен қарау және одан әрі жетілдіру қажеттігін түсінуі [3].

А.Б.Абибулаеваның еңбектерінде білім беруге құзыреттілік тұрғысынан келуде күтілетін нәтижелер ретінде үздіксіз білім беру жүйесін дамытудың төмендегідей мүмкіндіктері айқындалады:

-білім алушылардың өзбетіндік, танымдық, практикалық іс-әрекет дағдысын қалыптастыру;

-өздігінен білім алуды дамытуда оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын тиімді пайдалану;

-білім берудің даралап оқыту принципі негізінде оқу процесін даралауды жүзеге асыру;

-білім алушының табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығын әлеуметтік сұранысқа негіздеу [4].

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері жөнінде біршама теориялық және тәжірибелік материалдар жинақталған. Оларды зерделеу барысында біз «кәсіби құзыреттілік» ұғымына берілген

анықтамаларды салыстыра отырып, оның мазмұнына қатысты бірыңғай тұжырымның жоқтығы туралы қорытындыға келдік. Кәсіби құзыреттілік ұғымына берілген көптеген анықтамалардағы ортақ ой – кәсіби функцияларды орындауға, кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін кәсіби білімдер, ептіліктер мен дағдылар. Алайда маман қызметінің сәттілігі мен нәтижелігі оның кәсіби білімі, ептіліктері мен дағдыларына ғана байланысты емес, оған кәсіби-тұлғалық сапалардың қалыптасу деңгейі де маңызды әсер етеді. Мұнымен қоса, көптеген ғалымдардың пайымдауынша, педагог-психологтың жұмысындағы басты құрал – оның өзіндік тұлғасы. Осыған байланысты педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін оның теориялық және практикалық дайындығын және кәсіби-маңызды тұлғалық сапаларын қамтитын біртұтас интегративті құрылым ретінде қарастырған жөн.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда кәсіби құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымын зерттеуде үш негізгі тәсілдеме қолданылады: профессиограмма арқылы (маманға қойылатын талаптар жүйесі); деңгейлік және міндеттер негізінде. Нақты жағдайда атқаратын қызмет түрлеріне қатыссыз, олардың әрқайсысындағы құзыреттілік екі негізгі компонентті қамтиды: теориялық дайындықты көрсететін білімдер жүйесі; кәсіби қызметті жүзеге асыруға практикалық дайындықты білдіретін ептіліктер мен дағдылар жүйесі.

Педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын анықтауда қолданылатын тағы бір тәсілдеме – педагогтың негізгі қызмет түрлеріне байланысты жекелеген құзыреттіліктерді ажыратып көрсету: білім беру және оқыту қызметі, тәрбиелеу жұмысы, ғылыми-әдістемелік қызмет, ғылыми-зерттеушілік қызмет, мәдени-ағартушылық жұмыс.

Психолог маманның кәсіби құзыреттілігін қарастыра отырып, В.И. Стенькова құзыреттердің төрт түрін көрсетеді: арнайы (әдістер мен техникаларды меңгеру); жеке (өзін-өзі кәсіби дамыту қабілеті); коммуникативтік (білім беру субъектілерімен қарым-қатынас орната білу); рефлексиялық (өзінің кәсіби мінездемесі туралы дәлме-дәл түсінігінің болуы, кәсіби қызметті реттей білу іскерлігі) [5].

Т.В.Заморская педагог-психологтың алдында тұрған кәсіби міндеттерді шешуге қажетті білім, ептілік, дағдыларға сараптамалық баға бере отырып, оған қажетті мынадай құзыреттіліктерді көрсетеді: әлеуметтік-нормативтік, психологиялық-педагогикалық, психологиялық-тұжырымдамалық [6].

Сонымен, кәсіби құзыреттіліктің құрылымын жасаудағы әртүрлі көзқарастарды талдап қорыту негізінде, кәсіби құзыреттіліктің құрамында үш негізгі құрылымдық компонентті ажыратуға болады: когнитивті (кәсіби білімдер); іс-әрекеттік (кәсіби ептіліктер мен дағдылар); тұлғалық (тұлғаның кәсіби маңызды сапалары).

Педагог-психологқа қатысты кәсіби құзыреттілік құрылымын былайша көрсетуге болады:

1) когнитивті компонент психологиялық-педагогикалық білім (адам дамуына әсер ететін негізгі заңдылықтар мен факторларды, білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу, т.б.);

2) іс-әрекеттік компонент – түзету-дамыту, оқыту, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық, басқару, мәдени-ағарту қызметтерін орындауға қажетті ептіліктер мен дағдылар;

3) тұлғалық компонент мыналардан тұрады:

-когнитивті құраушы (логикалық ойлау, аналитикалық іскерлік, ақыл-ой әрекетінің жоғары өнімділігі, ойлау процестерінің шапшаңдығы және икемділігі, көрегендік);

-эмоциялық құраушы (эмпатия, рефлексия, өзін-өзі реттеу, эмоциялық тұрақтылық, өзгелермен қарым-қатынасты реттеу);

-уәждемелік құраушы (кәсіби уәжділік, өзге адамға бағытталу, өз мүдделерін өзгелердің ыңғайына бағындыра алу және т.с.с.);

-еріктік құраушы (шешім қабылдаудағы батылдылық, белсенділік, ұстамдылық).

4) аутопсихологиялық компонент – өзінің және өз жұмысының артықшылықтары мен кемшіліктерін білу, кәсіби қызмет нәтижелігін арттыру үшін өзінің психологиялық ресурстарын дамыту және пайдалана білу.

Қорыта айтқанда, кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық-психологиялық әрекетін жоғары дәрежеде ұйымдастыру арқылы үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын, әрдайым қарым-қатынасқа және өзін-өзі жетілдіруге дайын маманды атауға болады. Кәсіби құзыреттілік маманның тікелей еңбек тәжирибесіне қарай пайда болатын қасиет емес, ол болашақ маман бойында жоғарыда айтылған сапаларды қалыптастыруды қажет етеді. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана өзін кәсіби құзыретті маман ретінде іске асыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген);

[2] Зимняя И.А. «Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования» // Высшее образование сегодня. 2003, №5, С.35-41;

[3] Таубаева Ш.Т. Государственные общеобязательные стандарты высшего профессионального образования: методология, теория и технология проектирования в компетентностном формате. // В мире образования, 2006, №1, С. 3-9;

[4] Абибуллаева А.Б. Новая научная парадигма образования в становлении профессиональной компетентности педагога. // Вестник КазНТУ им. Абая, серия «Педагогические науки», 2005, № 2 (10). С. 3-6;

[5] Стенькова В.И., Педагогическая практика как фактор развития профессиональной компетентности будущих психологов, преподавателей психологии – автореферат диссертации канд. пед. наук, Улан-Удэ, 2007;

[6] Заморская Т.В., Психолого-педагогические особенности совершенствования профессиональной компетентности педагогов-психологов в условиях ИПК: Учебно-методическое пособие, Тамбов 2003.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ- ПСИХОЛОГОВ

Баярыстанова Э.Т., Нармұханбет Ж. Ө. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются проблемы формирования профессиональной компетентности будущих специалистов. На основании изучения и анализа научно-теоретической литературы по проблеме авторы делают попытку определить содержание и структуру профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов.

Ключевые слова: профессиональное образование, дескриптор, компетенция, компетентность, педагог-психолог.

THEORETIC FUNDAMENTALS OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS PSYCHOLOGISTS

Bayarystanova E.T., Narmukhanbet Zh.O. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. The problems of professional competence formation of future specialists are considered in the paper. On the basis of study and analysis of scientific-theoretical resources the authors made an attempt to define contents and structure of professional competence of future teachers psychologists.

Keywords: professional education, descriptor, competence, competency, teacher psychologist

ӨОЖ 159.9

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қасымбергбаев Б.Т.

Синергия университеті, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Мақала білім беру және оқыту-ағарту бағытындағы жас мамандардың ғылыми ізденістерін бастаған кездегі есте тұтар негізгі қағидаларына байланысты ой түйіндеу болып табылады. Жас зерттеушіге педагогикалық-психология пәнінің өзіндік заңдары, қағидалары және оның әдіс-тәсілдерімен қатар, әлеуметтік факторды үнемі негізгі тұғырнаманың бірі ретінде өзінің ғылыми ізденістерінде де негізгі құралдардың бірі деп санау қажеттілігі туралы ойлар мысалдар арқылы түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: педагогикалық-психология, әлеуметтік ерекшеліктер, отан сүйгіштік.

Мақала білім беру және оқыту-ағарту бағытындағы жас мамандардың ғылыми ізденістерін бастаған кездегі есте тұтар негізгі қағидаларына байланысты ой түйіндеу болып табылады. Ғылыми ізденіс немесе зерттеу мақаламыздың тақырыбын педагогикалық психологияның әлеуметтік ерекшеліктері деп атауды ұйғардық. Осы атаудың өзінің өзектілігіне де ден қойып қарасақ болады. Мысалы, білім беру және оқу-ағартудың әрбір қоғамдық, әлеуметтік қалыптасқан жағдайында қандай тұғырнамалық негізге сүйену осы өзектілікке байланысты болуы керек деген ойға жетелейді. Ой түйініміз түсінікті болуы үшін оқырманға мынадай сұрақ қойып көрсек: Соңғы бір ғасыр көлеміндегі Қазақстан тарихының саяси әлеуметтік әркелкі жағдайы кезінде отан сүйгіштік (патриоттық) оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу белгілі бір педагогикалық- психологиялық тұрғыда өзгермеуі мүмкін бе?! Ресей империясының өтпелі аса зор кезеңінде, яғни монархиялық басқаруды бұзып маркс-лениндік немесе кеңестік деп аталатын дәуірге аяқ басқан уақытта патриоттық, отан сүйгіштікке шақыратын басшы ұран қандай болды? Ал, Алаш деп айдар таққан кезеңде көзі ашық, көңілі ояу ел бастауға лайық білімді азаматтарымыз «Қазақ елі өз алдына дербес мемлекет болуы керек деп» басты көзқарастарын жария еткенде ше, әлеуметтік жағдай да осыны құптады. Және барлық білім, оқу-ағарту жұмыстарының педагогикалық-психологиялық зерттеу сарыны осыны талап етіп, өзіне мақсат тұтты. Төңкерістен кейінгі ширек ғасырға жуық уақытты қамтыған кеңестік өкіметтің қалыптасуының өн бойында қалыптасқан ұлтымыздың санғасырлық тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің күштеп өзгертілуі, ұжымдық шаруашылықты орнату деп тарихи әлеуметтік жағдайындағы педагогикалық-психологиялық ізденіс жарияланудың өзіндік ерекшелігі болғаны да белгілі.

Ал, қазіргі егемендік алған заманда тек педагогикалық-психологиялық ғана емес, қоғам өмірінің барлық бағытында ерекше өзгеріс міндеті алға шықты. «Мәңгілік ел» ұғымына сүйенген ұлттық идея жарияланып, отан сүйгіштік тәрбиесі мен оқыту ісіндегі педагогикалық психология талаптары да жаңа мазмұнға ие болды. Елбасымыз бұл мәселеде айқын нұсқауларын жариялап келеді. Әсіресе, Қазақстан халқына арнаған кезекті жолдауында ұстаздар қауымының тұрмыс-тіршілігіне, олардың статустық сипатына да аса зор қамқорлық танытып отыр. Сондықтан, отан сүйгіштік ұғымы да, оған қол жеткізу жолдары да бүкіл халқымыз алдына өрлеу, жаңғыру кезеңінің өзектілігін шешу міндеттері дер кезінде қойылды деп мақтанышпен айта аламыз. Ал, ғылыми пән деңгейіне айналып отырған педагогикалық-психология мәселелерін зерттеу жұмыстарымен айналысуды алдына мақсат етіп қойған әрбір жас маманға әлеуметтік ерекшеліктерді әрдайым есте ұста отыруды ұсынады. Әрбір ғылыми ізденіс және оның нәтижелері елбасы жолдауларын, нұсқауларын орындау жолында қызмет етуі қажет.

Әрине педагогикалық-психология пәнінің өзіндік заңдары, қағидалары бар және оның әдіс-тәсілдері бар. Дегенмен, әлеуметтік факторды үнемі негізгі тұғырнаманың бірі ретінде өзінің ғылыми ізденістерінде де негізгі құралдардың бірі деп санау қажетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айсмондас, Б. Б. Педагогическая психология. Схемы и тесты / Б.Б. Айсмондас. - М.: Владос-Пресс, 2016. - 208 с.
2. Фоминова, А. Н. Педагогическая психология / А.Н. Фоминова, Т.Л. Шабанова. - М.: Флинта, 2011. - 320 с.
3. Хон, Р. Л. Педагогическая психология / Р.Л. Хон. - М.: Академический Проект, Культура, 2016. - 736 с.

СОЦИАЛЬНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ

Касымбергбаев Б.Т. - Университет Синергия, Алматы, Казахстан.

Анотация. В статье рассматриваются основные принципы запоминания начала научных исследований молодых специалистов в области образования и воспитания. В дополнение к законам, принципам и методам педагогики и психологии, молодой исследователь объясняет необходимость рассматривать социальные факторы в качестве одного из основных инструментов в своем научном исследовании в качестве одной из ключевых платформ.

Ключевые слова: педагогическая психология, социальные особенности, патриотизм.

SOCIAL SPECIFICATIONS OF PEDAGOGICAL PSYCHOLOGY

Kasymbergebaev B. - Synergy University, Almaty, Kazakhstan.

Annotation. The article is based on the basic principles of memorizing the beginning of research work of young specialists in the field of education and training. In addition to the laws, principles and methods of pedagogy and psychology, the young researcher explains the need to consider social factors as one of the main tools in his research as one of the key platforms.

Key words: pedagogy-psychology, social features, patriotism.

УДК 502.22:61::001.8

ЗНАЧЕНИЕ ЕСТЕСТВЕННЫХ СИЛ ПРИРОДЫ В РАЗВИТИИ ЧЕЛОВЕКА

Бондаренко О.А.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы значения естественных сил природы в развитии человека.

Ключевые слова: Человек, здоровье, природные факторы.

Встречаясь, каждый день со знакомыми людьми, мы говорим: «Здравствуйте!», прощаясь, желаем: «Будь здоров!». Наилучшие пожелания на Новый год и в день рождения обязательно начинаются с пожелания крепкого здоровья. И это не случайно. Люди давно поняли, что здоровье - наивысшая ценность жизни.

К сожалению, среди молодежи распространено пренебрежительное отношение к своему здоровью. Им кажется, что здоровье безгранично. Неправильная организация труда, недосыпание приводят к перенапряжению организма, к неврозам. Переохлаждение грозит простудными заболеваниями. Есть такая поговорка «Здоровье, как и удобства, их замечаешь, когда они отсутствуют».

Что же такое здоровье? Один человек не заболевает гриппом даже при его эпидемии, на другого достаточно «чихнуть», и он уже болен. Один в проруби зимой купается и даже насморка не получит, другой погуляет на свежем морозном воздухе - и у него ангина. О первом мы говорим, что у него крепкое здоровье, о втором, что у него слабое здоровье. Значит, способность противостоять заболеваниям и есть здоровье? Да, это важно, но не только. Другое определение здоровья - способность сохранять равновесие между организмом и постоянно меняющейся внешней и внутренней средой. Любой организм обладает большими резервами в поддержании такого равновесия.

Здоровье – это состояние полного физического, духовного и социального благополучия, а не только отсутствие болезней [1].

Известно, что движение является основным стимулятором жизнедеятельности организма человека. При недостатке движений наблюдается, как правило, ослабление физиологических функций, понижается тонус и жизнедеятельность организма.

Доказано, что систематические занятия физическими упражнениями также оказывают положительное воздействие на психические функции, формируют умственную и эмоциональную устойчивость к выполнению напряженной интеллектуальной деятельности.

Физические нагрузки оказывают разностороннее влияние на организм человека, повышают его устойчивость к неблагоприятным воздействиям окружающей среды [2].

Такие природные факторы, как солнечная радиация, свойства воздушной и водной среды, также смогут служить немаловажными средствами укрепления здоровья, закаливание и повышение работоспособности человека. Их общее значение в качестве жизненной среды хорошо известно. Достаточно сказать, что проблема сохранения ее является одной из актуальных общечеловеческих проблем.

В процессе физического воспитания названные оздоровительные силы природы используются в двух направлениях:

1. Как сопутствующие условия занятий физическими упражнениями, когда естественные факторы среды дополняют, усиливают и оптимизируют воздействие физических упражнений.

2. При организации специальных процессов, в ходе которых воздействие этих естественных факторов дозируется определенным образом, как относительно самостоятельное средство закаливания и оздоровления.

Одним из основных результатов целесообразного использования естественных факторов среды в процессе физического воспитания является закаливание человека.

Сочетая физические упражнения с естественными факторами закаливания, можно повысить общую устойчивость организма к ряду неблагоприятных воздействий, с которыми приходится сталкиваться человеку, такими как вибрация, укачивание, перегрузки при ускорениях и другие [3].

В результате закаливания повышается устойчивость человека к таким погодным факторам, как холод, жара, сырость и другие, которые при длительном влиянии могут привести к различным заболеваниям. Процесс закаливания является специфичным, то есть холодовые процедуры повышают устойчивость к холоду, а высокие температуры - к жаре.

Систематическое закаливание – испытанное и надежное оздоровительное средство! Однако большого проката не будет если при проведении закаливающих процедур пренебрегать теми принципами, которые выработаны практическим опытом и подкреплены медико-биологическими исследованиями.

Наиболее важные из них - систематичность, постепенность и последовательность, учет индивидуальных особенностей, сочетание общих и местных процедур, активный режим, разнообразие средств и форм, самоконтроль.

От простого к сложному! Именно этим девизом рекомендую руководствоваться постоянно в любое время года! Для достижения высокой степени закаленности необходимо постоянно повторять воздействия того или иного метеорологического фактора. Итак, первое условие: процедуры проводятся не от случая к случаю, а систематически, каждый день! Повторность воздействия того или иного метеорологического фактора обязательна. Иначе добиться желаемого закаливающего эффекта невозможно.

Систематические закаливающие процедуры повышают способность нервной системы приспосабливаться к меняющимся условиям внешней среды. Стало быть, закаливание следует проводить ежедневно! Организм, как доказано, привыкает к холоду быстрее, если охлаждение производится ежедневно по 5 мин, а не в течение 10 мин. через день. Длительные же перерывы ведут к ослаблению или полной утрате приобретенных защитных реакций. Обычно уже спустя 2-3 недели после прекращения процедур наблюдается понижение устойчивости организма.

Свою закалку можно сохранить лишь путем непрерывного выполнения необходимых закаливающих процедур - невзирая ни на возраст, ни на время года. Если перерыв будет вынужденным, то закаливание возобновляется как бы от исходной точки: начинают с мягких процедур, затем постепенно переходят к более сильным.

Другое обязательное условие правильного закаливания – постепенное и последовательное увеличение дозировки процедур.

Высокий закаливающий эффект дает применение контрастных процедур, когда согревание организма быстро сменяется охлаждением и наоборот, но к такому режиму закаливания надо себя подготовить.

Эффективность закаливания намного повышается, если его проводить в активном режиме, т.е. выполнять во время процедур, скажем, физические упражнения либо какую-нибудь мышечную работу. Так, доказано, что физические упражнения при

закаливании холодом дают возможность покрывать вызванную охлаждением усиленную теплоотдачу за счет более усиленной теплопродукции. Занятия такими видами спорта, как лыжный и конькобежный, фигурное катание, легкая атлетика, плавание, гребля, парусный спорт, альпинизм и туризм с точки зрения закаливания особенно благоприятны. Разнообразие средств и форм процедур обеспечивает всестороннее закаливание. Вызвано это тем, что устойчивость организма повышается только к тому раздражителю, воздействию которого он многократно подвергался. Так, повторное действие холода вызывает повышение устойчивости к холоду, повторное же действие тепла, наоборот, только к теплу.

Так же немаловажно закаливание воздухом. Оно повышает обменные процессы организма, укрепляет сосуды и нервы кожи, возбуждает мозговую деятельность, улучшает работу сердца, повышает общий тонус организма.

Воздух, действуя непосредственно на наше тело, вызывает ряд биохимических изменений в клетках и тканях путем раздражения кожных рецепторов нервной системы. Температура воздуха, как правило, ниже температуры тела человека, что и вызывает раздражение кожной поверхности, слизистых оболочек дыхательных путей и заложенных в них нервных аппаратов. Закаливающие свойства воздуха зависят не только от температуры и влажности, но и от скорости его движения. Чтобы предотвратить переохлаждение организма, необходимо увеличить выработку тепла во время воздушных ванн физическими упражнениями [4]. Ветер быстрее охлаждает организм, чем безветрие. И чем больше его скорость, тем сильнее теплоотдача организма. При низких температурах сильный ветер оказывает неблагоприятное влияние, затрудняет дыхание, раздражает нервную систему, утомляет: легкий ветер, особенно прохладный, бодрит, оказывает стимулирующее влияние.

Прием воздушных масс следует начинать в предварительно проветренном помещении. По мере закаливания их переносят на открытый воздух. Лучшее место для процедур - затененные участки с зелеными насаждениями, удаленные от источников возможного загрязнения атмосферы пылью, дымом, вредными газами.

Это имеет немаловажное значение. Когда-то мы радовались развитию индустрии, пуску новых предприятий. Теперь же проблемы экологии стали одним из насущных. Оказывается, на нашей планете ежегодно сжигаются миллиарды тонн условного топлива. В атмосферу при этом выбрасывается еще больше тонн углекислого газа, воздух загрязняется окислами азота, сероводорода и др. Загрязнение воздуха неуклонно ведет к ухудшению условий существования человека, животных, растений, приводят к увеличению заболеваний. В нашей стране действуют специальные законы об охране природы, ведется санитарный надзор за состоянием воздушного бассейна. Оздоровление окружающего нас воздушного океана - одна из важнейших задач современного градостроительства и коммунального хозяйства. Любителям закаливания об этом важно знать для того, чтобы подбирать для своих воздушных процедур подходящие места - такие, где можно без страха и сомнения полной грудью вдохнуть глоток чистого воздуха [5].

Закаливание холодным воздухом способствует тренировке и совершенствованию механизмов терморегуляции, повышению устойчивости организма к охлаждению, оказывает положительное психоэмоциональное воздействие. В результате нормализуется реактивность организма, его способность сохранять равновесие при постоянно изменяющихся условиях внешней среды, в результате чего в несколько раз сокращается число простудных заболеваний. Характерно, что у людей круглосуточно находящихся на открытом воздухе в период эпидемии гриппа совсем не отмечалось случаев заболевания. В то же время те, кто располагался в здании, почти все переболели гриппом [6].

Вместе с воздушными ваннами значение имеет солнечное излучение.

Люди с незапамятных времен знали, что солнечный свет - и целитель, и надежный союзник в борьбе с болезнями. Широко использовали лучи солнца как укрепляющее средство в Древней Элладе. Крупнейшие спортивные соревнования древности – Олимпийские игры – проводились, как правило, в самые знойные летние месяцы. Ровно в полдень, когда нестерпимо жгло солнце, выходили на старт загорелые атлеты. Они выступали обнаженными и не имели права покрывать для защиты от палящих лучей солнца голову.

Еще большее распространение закаливание солнцем получило в Древнем Риме. Как показали раскопки римских городов, буквально всюду: на крышах домов, в банях, в гладиаторских школах - устраивались солярии – места для приема солнечных ванн. В Римской империи создавались специальные климатические станции, предназначенные для солнцелечения. В те далекие времена люди не могли объяснить чудесной силы солнечных лучей. Сейчас же нам хорошо известно, почему и каим образом солнечная энергия благотворно влияет на организм человека. Оказалось, что солнечный свет состоит из видимых и невидимых лучей. Видимая часть спектра неоднородна, состоит из красных, оранжевых, желтых, зеленых, голубых, синих и фиолетовых цветных пучков, которые хорошо заметны после грозы, когда на небе радуга. Невидимые лучи располагаются по обеим сторонам солнечного спектра. Одни из них примыкают к его красной части и называются инфракрасными, другие же находятся за фиолетовым концом и поэтому именуются ультрафиолетовыми. Действие волшебных ультрафиолетовых лучей на организм неодинаково и зависит от длины волны. Одни из них оказывают витаминообразующее действие - способствует образованию в коже витамина D, недостаточность, которого вызывает нарушение фосфорно-кальциевого обмена в организме, приводит к заболеванию детей рахитом. Другие оказывают так называемое эритемное и пигментное действие, т. е. вызывают на коже образование эритемы (покраснение) и пигмента, обуславливающего загар. Наиболее короткие ультрафиолетовые лучи оказывают бактерицидное, убивающее микробы действие.

Солнце находится в столь же неразрывной связи с нашей природой, как кровь с нашим телом. Если по каким-либо причинам человеческий организм лишается возможности широко пользоваться солнечным светом, то в организме возникают многочисленные нарушения физиологических функций. Выражается оно в снижении тонуса центральной нервной системы и защитных сил организма, нарушении обменных процессов.

В данной работе рассматриваются такие специальные закаливающие процедуры, как воздушные, солнечные и водные ванны. Наибольший эффект наблюдается от контрастного закаливания, которое включает ножные ванны, обтирание, душ, сауну, русскую баню. Для усиления воздействия предлагается проводить контрастное закаливание с настоем различных трав [7].

В механизме закаливания лежит общий адаптационный синдром. Плюсы заключаются в том, что человек получает возможность жить в условиях, ранее несовместимых с жизнью и решать задачи, прежде неразрешимых. Повышается устойчивость к заболеваниям. Закаливание благоприятно действует на весь организм: повышает тонус нервной системы, улучшает кровообращение и обмен веществ, при облучении поверхности тела в организме возникает ряд фотохимических реакций, влекущих за собой сложные физико-химические превращения в тканях и органах (эти реакции обуславливают благоприятное действие на весь организм). Абсолютно у всех людей закаливание повышает устойчивость организма к простудным заболеваниям; повышает неспецифическую устойчивость к инфекционным заболеваниям; усиливает

иммунные реакции. Закаливание обеспечивает тренировку и успешное функционирование терморегуляторных механизмов, приводят к повышению общей и специфической устойчивости организма к неблагоприятным внешним воздействиями.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Колгушкин А.Н., Короткова Л.И. Лекарства от простуды // Физкультура и спорт. -1989.- № 2. – С.95-168.
- [2] Дубровский В.И. Движения для здоровья // Физкультура и спорт. – 1989.-№ 2.-С.3-25.
- [3] Физическая культура: Учеб. пособие для студентов сред. спец. учеб.заведений / Н.В.Решетников, Ю.Л. Кислицын. –М., 1988. -70 с.
- [4] Теория и методика физического воспитания / Под общ. Ред. А.Д. Новикова, Л.П. Матвеева. Т.1.-М.: Физкультура и спорт, 1967. – 526 с.
- [5] Козырёва Т.В. Физиологическая тренировка и холододовая чувствительность человека /// Дошкольное воспитание . – 1994. - № 10.- С.6-9.
- [6] Физиология человека / Под общ. ред. проф., докт. мед.наук Н.В. Зимкина. – М.: Физкультура и спорт, 1970. -534 с.
- [7] Чусов Ю.Н. Особенности закаливания спортсменов. – М.: Физкультура и спорт, 1987. -57с.

АДАМНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТАБИҒАТТЫҢ ТАБИҒИ КҮШТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бондаренко О.А. - Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада дені сау ағзаның қалыптасуына табиғаттың табиғи күштерінің әсері қарастырылған.

Түйінді сөздер: Адам, денсаулық, табиғи факторлар.

THE IMPORTANCE OF NATURAL FORCES OF NATURE IN THE DEVELOPMENT OF HUMAN

Bondarenko O.A. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering., Aktau, Kazakhstan

Annotation. Effect of nature power to human health development is considered in this article.

Keywords: Man, health, natural factors

ӘОЖ 82-7

ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ КОМЕДИЯ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қобланов Ж.Т.

Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Халық өмірі мен әдет-ғұрпының неше алуан әдемі көріністері әдебиетте, көркемөнерде кеңінен орын алған. Бұл ретте ел ішіндегі ұнамды істермен бірге жағымсыз көріністер, ұстамсыз жандардың іс-әрекеттері қарақалпақ драматургиясында да әркез-ақ түрлі дәрежеде болса да көрініп отырды. Әсіресе, күлкі-

қалжың, әзіл-оспаққа құмар қазақ халқының өміріндегі неше алуан күлкілі жәйттері сахнадан да көрініс таба білді.

Драматургиядағы фольклорлық негіздерге қалың көпшілік қана емес, сонымен бірге әлемдік әдебиеттану ғылымы саласындағы ғалымдардың соңғы жылдары ерекше назар аударуы, бұл проблеманың аса маңызды мәселенің бірі екендігін айқындап берді. Фольклорлық негіздерді анықтау, оларға баға беру, талдау – түркі тілдес халықтардың әдебиеттану ғылымында да өзекті мәселе болып отыр. Қазақ-қарақалпақ әдебиетінде драма жанрындағы фольклорлық сипаттар салыстырмалы зерттеу әдіснамасы аясында арнайы зерттеліп келеді.

Мақалада қазақ драматургиясының қалыптасуындағы фольклорлық негіздердің мәнін көрсету, тарихи жырлар мен аңыз-әпсаналар тақырыбына жазылған пьесалардың табиғатын ашу мәселелері қарастырылады. Жеке қаламгерлердің суреткерлік шеберлігі, өзіндік ерекшеліктері талданып, шығармаларына ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

Түйінді сөздер: комедия, драматургия, фольклор, конфликт, характер, поэтика

Қазақ драматургиясындағы комедия жанры халықтың ауыз әдебиетінің негізінде туды. Батыс және орыс классиктерінің комедиялық өнерін зерттеп, олармен терең танысқан қазақ жазушылары комедия оқиғаларын қайдан алу керектігін тез түсініп, дұрыс аңғарды. Ел әңгімелері негізінде еңбек жазған қазақ халқының тұңғыш режиссері – Жұмат Шанин. Ол 1928 жылы «Торсықбай», «Айдарбек» атты күлкілі комедияларын жарыққа шығарды. Шанинге дейін де комедия жанрының негізін қалаған Бейімбет Майлин болатын. Ол жиырмасыншы жылдардың басында «Неке қияр», «Шаншар молда», «Жасырын жиналыс» атты шағын актілі комедияларын сахнаға шығарған еді. Ал, Ж.Шаниннің «Торсықбай» мен «Айдарбек» атты комедиялары Ж.Аймурзаевтың «Өз таяғың өзіңе» (1939) атты комедиясынан он жыл бұрын жазылды. Олай болса, Ж.Аймурзаев Ж.Шаниннің шығармаларымен таныс та болуы мүмкін екендігін жоққа шығара алмаймыз. Қалайда, екеуінің де Мольердің «Скапеннің айласы» атты комедиясына еліктегені байқалады.

Қазақ драматургиясындағы Бейімбет Майлиннің «Неке қияр» атты пьесасында да ауылдың дүмше молдасының қараңғы елді алдап, тамақ асырап жүргендігі сынға алынады. Бірін-бірі сүймейтін адамдарды мұсылмандық неке арқылы бітістірмек болған аяр молданың жағымсыз іс-әрекеті әшкереленіп, ел алдында маскара болады. Сонымен бірге пьесада жас Зәурені Жәлен есімді ажарсыз, есуастау біреуге қоспақ болған бір топ алаяқтар мен дүниеқоңыз жандардың істері де әжуаланады. Мұндағы диалогтар күлкіге толы. Мысалы, Жәленді менсінбеген жас қызға жеңгелерінің бірі: «Қой, дәнеңесі де жоқ, жырық болса қайтсін, құдайдың ісі, кімнің байы оңып тұр дейсің, бәрі де сондай...»[1].

Бейімбет пьесаларындағы алаяқ, арамза молда бейнесі әлемдік әдебиеттегі кейбір образдарды есімізге түсіреді. Мысалы, ұлы француз драмашысы Мольердің «Тартюф» комедиясындағы алаяқ монах Тартюф бейнесі. «Тартюф» комедиясының қысқаша мазмұны мынадай:

Саудагер Оргон шіркеуге ғибадат қылуға барғанында, ол жерде «тақуа» бір жанды көреді. Бұл адам берілген садақалардың бір бөлігін өзінде қалдырып, қалғанын басқа қайыршыларға үлестіреді. Өзін өте құдайшыл жан ретінде көрсеткен бұл адамды аңғал Оргон үйіне ертіп келеді. Бұл «тақуа» Тартюф еді. Саудагер оны аса құрметтейді, үйдің барлық құқықтарын оның қолына тапсырады. Тіпті қызын да оған бермекші болады. Оргон отбасындағы жастар (ұлы Дамис, қызметші қыз Дорина, қызы Марианна) бұл адамның алаяқ екендігін сезіп, бұл жайында Оргонға айтады. Бірақ діндар Оргон олардың сөзін естігісі де келмейді. Оған жала жауып, мені құдай алдында күнаһар қылмақшысыңдар деп ашуланып, ұлын үйден қуып жібереді. Барлық мал-

мүлкін Тартюфке хаттап береді. Екі күн қалада болмай, үйіне оралған Оргон Доринадан хал-жағдай сұрағанында, ол Эльмира ханымның ауырып қалғандығы туралы айтпақшы болады. Оргонды болса тек Тартюфтің ахуалы ғана қызықтырады:

Өткен күні бикемнің ыстығы көтерілді.

- Тартюфтің ше?
- Бикем қатты науқастанды.
- Тартюф ше?
- Бикем ұйықтай алмай шықты.
- Тартюф ше?

Дорина мен Оргон ортасындағы бұл диалог және Оргонның бір сөзді қайталай беруі көрерменде еріксіз күлкі туғызады, бұл кейінгі диалогта күшейе түседі:

- Тартюфтің денсаулығы орнында.
- Қап, әттеген-ай!
- Таңертеңгі аста екі құс етімен бірге қойдың құйрық майын да жалмап алды.

- Қап, әттеген-ай!
- Ол түнімен қыбырламастан, қатты ұйықтады.
- Қап, әттеген-ай!
- Бөтелкедегі шарапты жұғынын қалдырмай босатты.
- Қап, әттеген-ай!

Тартюфтің екі жүзділігі мен аярылығының құрбаны болған екінші тұлға Оргонның анасы Пернель еді. Өзінің жауыз ниетіне жету үшін Тартюф алдымен аңғал, сенгіш жандарды қолға алады, жастарды ұнатпайды. Өйткені олар Тартюфтің сырын тез аңғарады және оны әшкерелеуге ұмтылады.

Тартюф басқан әр қадамында өзін құдайшыл жан ретінде көрсеткісі келеді. Оргонның әйелі Эльмираға көз салады. Өз еріне адал Эльмира Оргонның сынап көруі үшін Тартюфпен әдейі оңаша кездеседі. Тартюф: Мен туралы ешкім жаман пікір ойламайды, деп Эльмираға арам пиғылмен жақындаса бастағанын Оргон өз көзімен көреді. Сонда ғана ол үйіне кіргізген адамының жалған тақуа екендігін біліп, үйден қуып шығады. Бірақ Тартюф бетіндегі пердесін алып тастап, бұл жер-мүлікке өзі қожайын екенін, мұны дәлелдейтін құжаттар бар екендігін дәлел айтып, Оргонды үйден қуып шығу мақсатында сот шенеунігін шақыртады. Қамауға алу үшін полиция офицерін де бастап келеді. Бірақ, кенет офицер «әділ» монархтың бұйрығымен атақты алаяқтың өзін қамайтынын мәлімдейді.

Бұл комедияда Мольер аксүйектер арасында белең алған тойымсыздық, тоғышарлық, екіжүзділік сияқты жағымсыз қасиеттерді Тартюф образында ашып көрсетті. Өзінің арам ниеттеріне жету үшін тақуа болып көрінген бұл адам шындығында өте бұзық, аяр тұлға болып шығады. Тартюф буржуа Оргон мен оның анасын аңғалдықтарынан пайдаланып, алдап соғады. Сыры ашылған соң, Оргонды өз үйінен қуып, мал-мүлкін тартып алмақшы болғанында да Тартюф арсыздықпен бұл істердің барлығын құдай жолы үшін жасап жатқандығын айтады.

Тартюфке қарсы алғашқы күндерден-ақ күрес бастаған тұлға - қызметкер Дорина. Онда халық даналығы жинақталған. Ол Тартюфтің аярылығын, Оргонның алданғандығын батыл айтады. Бірақ комедияда қылмыскер «жоғарыдан», корольдің араласуымен анықталады. Король Мольерді өз мүддесіне пайдалану мақсатында қолдағанын, сондықтан комедияның қайта өңделген нұсқасын сахнаға қоюға рұқсат бергенін де жоғарыда айттық. Тартюфті тұтқындауға келген офицер азғынды «корольдің өзі әшкерелейді» дейді. Бұл жазушының монархты белгілі дәрежеде қолдағандығының белгісі болатын.

Мольер «Тартюф» комедиясында орта ғасырдағы феодалдық зұлматты осы дәуір әлеуметтік өмірі қайшылықтарына байланыста емес, оның бір жағын, яғни діни зұлымдықты, оның саяси қуғындау құралы болғандығын көрсетті. Бұл жағдай жазушыны классицизмге тән абстрактілік пен рационалдық иллюзияға алып келді. Нәтижесінде негізгі қаһарман характерін бейнелеуде схемалылыққа ұрынады. Тартюф феодал-ақсүйектердің барлық бұзықшылықтарын жинақтаған индивидуалданған образ емес, ал кертартпа ақсүйектік азғындықтың түрлі көріністерін әшкерелеген образға айналады. Сол себепті «Тартюф» комедиясы классицизм характерлер комедиясының типтік үлгісі болып табылады. Тартюфтің екіжүзділігі, Гарпагонның сараңдығы сияқты типтік мінез. Жазушының назары жалпы адам характерін ашуға емес, алдын белгіленіп қойылған негізгі қаһарман Тартюф характерінің бір жағын көрсетуге бағытталған. Бұл классицизм театрының негізгі белгілерінің бірі еді[2].

Ж.Шаниннің «Торсықбай» пьесасы алғаш рет 1925 жылы Семейде шығатын «Таң» журналында жарияланып, 1928 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылған. 1925 жылдың көктемінде қазақ жастарының күшімен Мәскеуде қойылған пьесаның оқиғасы өмірде болған жәйттерден алынған. Пьесаның кейіпкерлері де көп емес. Төрт-ақ адам, Торсықбай (30 жаста), Қайыр 33 жаста), Қарықбол (50 жаста) және Ыбырай молда (45 жаста).

«Таулы дала, жаңадан қойған қабыр маңайында екі-үш қабырдың көрінісі» деп бастайды автор пьесасын. Осы арада Торсықбай мен Қайыр жақында ғана баласын жерлеген Қарықбол бай мен Ыбырай молданы күтіп отыр. Қарықбол баласының жетісіне дәм беріп, құран оқытуға Ыбырай молданы шақырған. Торсықбайдың мақсаты бұл екеуін масқаралау. Өйткені, олардың жалшы-жатақтарға жасамаған жамандығы жоқ. Бай мен молда әсіресе Торсықбайға өш. Торсықбай бұларды неше рет мазаққа айналдырғанын пьесадағы оқиға басталған кездің өзінен-ақ байқалып тұр.

«Торсықбай (күліп) оның (молданы айтып тұр - Қ.Ж.) менімен өшіретін жөні бар. Бұрнағы жылы Жартыбай ауылында молда болып тұрғанда Бердіғұлдың келіншегіне сөз айтып, көндіре алмай жүреді екен. Онысын бір күні мен біліп, келіншекпен ақылдасып, молданы үйдің жабығынан түсірмек болдық. Оның түсетін жеріне үлкен күбіге ашыған іркітті бастырып қойдық. Көптен келіншекке сөзін өткізе алмай, кеуіп жүрген сорлы жабық түгіл шаңырақтан түсуге де көнді. Сонымен молдекең жабықтан түсем деп, күбідегі іркітке түсіп кетіп, салдырымен үйдің іші оянып, ит екен деп молдекеңді шөмішпен, шымшуырмен ұрып, әбден масқара қылған. Артынан Ыбырай молда менен болғанын біліп қойып, содан бері менімен араз»[3].

Міне, молда мен Торсықбай арасында болған оқиғаның бір көрінісі осы. Енді сол Торсықбай, сол молда мен Қарықбол байды мола басында күтіп отыр. Қасында Қайыр бар. Бір кезде жаңа сойылған малдың піскен еті мен бір саба қымызын алып Қарықболдар да жетеді, қасында молдасы бар. Молда көзін жұмып, бар әдемі әуезімен құранды оқи бастаған кезде кебін киген Торсықбай қабырдан шыға келеді.

- Алла, сұмдық! – деседі отырғандар.

- Сұхбан..., - дейді молда, бірақ «алласын» айтуға шамасы келмей жығылады. Қалған жұрт тым-тырақай қашып жоқ болып кетеді. Кебінге оранып, сұмдық тажал болып көрінген Торсықбай молдаға білгенін істейді, ақыры оны көрге тығып, Қайыр екеуі қымыз бен етті алып, зытып отырады.

«Айдарбек» оқиғасы да ел арасында көп тараған күлдіргі әңгімелердің негізінде туған. Айдарбек деген қу жігіт Жақып есімді палуан жолдасымен жол жүріп келе жатып бір үйге қонақ болуға түссе, үй ішіндегі әйелдердің абыржыған әңгімелерін естиді. Анықтап білсе, бірнеше жігіт сайланып келіп, Бақтыбала деген кемпірдің қызын тартып әкетпекші екен. Келген жігіттерге Айдарбек пен Жақып төтеп беруге шамасы келе тұра, күш сынасуға бармайды. Лезде қызды кемпірге, кемпірді қызға айналдырады

да, қыздың орнына ебін тауып кемпірді ұзатып жібереді. Екінші көріністе қыздың бетін ашып, той-думан жасамақшы болған елдің көңілі қыз орнына кемпірді көргенде су сепкендей басылады. Бүкіл ауыл-аймаққа масқара болады.

- Алда, иттің баласы-ай! Ұрған екен ғой Айдарбек... - дейді Асылбек.

Мұнда қазақтың әдет-ғұрпын сөз қылу үшін де талай күлкілі әрекеттер көрініс табады. Әйелдердің кәде орамалына таласқан сөздері де қызық.

- Тәйт әрі... Сенен-ақ жол артылмайды екен, кеше емес пе еді көз

жақсымның көрпе қимылдатарын алғаның? - деп дауласады. Кәдімгі, біріне-бірі кезек бермей, бірін-бірі тыңдамай жамырай сөйлейтін ескі ауылдың жеңгелері [4]. Келін тосып отырған ел үлкен әбігер үстінде. Күні бұрын алып-ұшып жоралғыға таласушылар қаншама? Күтпеген қылық, қалыпты жағдайдан оғаш нәрсе қашан да күлкі тудырады. Той болады деп дуылдасып даурыққан халық келіннің бетін ашып жібергенде, келін орнына кемпірді көргенде масқара болады. «Бәсе, иттің емшегі өлген қойдың өкпесіндей бос жатыр еді-ау!» - деп бір жігіт аңырады.

Қашан да пьеса көркі – характер. Кейіпкер сөздерінің шырайы жойылған жерде бос декламация, арзан ақылгөйсу орын алып, шығарманың ажары түсіп, дәлірек айтқанда, айқын характерлерсіз сахналық туындының өмір сүруі қиын. Осы екі бірдей шағын, бір перделі пьесалардың сахна шарттылықтарын ескеріп, актер ойынына лайықтап жазылғандығы драмашы Ж.Шаниннің жанрдың ішкі заңдылықтарын жақсы білетіндігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Ордалиев С. Қазақ совет драматургиясының очеркі. – Алматы: 1964.–276 б.
- [2] Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. – Алматы: 2015. – 400 б.
- [3] Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: 1971.– 416 б.
- [4] Ордалиев С. «Конфликт және характер».– Алматы: 1976. – 204 б.

ОСОБЕННОСТИ ЖАНРА КОМЕДИИ В КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРГИИ

Кобланов Ж.Т. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш.Есенова. г.Ақтау. Казахстан

Аннотация. Жизнь и традиции народа нашли свое широкое отражение во многих красивых картинах литературы и художественного искусства. На этот раз вместе с добрыми поступками людей народа в разное время и в разной степени наблюдались нелюбимые картины действий несдержанных людей и в казахской драматургии.

Уделение особого внимания в последние годы фольклорным основам в драматургии не просто большинством, а вместе с тем учеными в сфере мировой литературоведческой науки, уточняет его как один из очень важных вопросов этой проблемы. Определение фольклорных основ, их оценка, анализ – является актуальной проблемой и в литературоведческой науке тюркоязычных народов. В казахско-аракалпакской литературе фольклорный характер в жанре драмы исследуется в рамках сравнительной исследовательской методологии.

В статье рассматривается роль фольклорных основ в формировании казахской драматургии, определяются природы комедий, написанных на тему исторических эпосов и легенд. Анализируются и оцениваются с научной точки зрения творческие навыки и особенности отдельных писателей.

Ключевые слова: комедия, драматургия, фольклор, конфликт, характер, поэтика

FEATURES OF THE GENRE OF THE COMEDY IN THE KAZAKH DRAMATIC ART

Koblanov Zh.T. - Sh.Yessenov Caspian State University of technologies and engineering, Aktau, Kazakhstan

Abstract. The life and traditions of the people have found their wide reflection in many beautiful paintings of literature and art. This time, along with the good deeds of the people of the people at different times and to different degrees, unflattering pictures of the actions of unrestrained people and in Kazakh dramaturgy were observed.

Paying special attention in recent years to the folklore foundations in drama is not simply a majority, but at the same time scientists in the field of world literary science, and specifies it as one of the very important issues of this problem. The definition of folklore foundations, their evaluation, analysis - is an actual problem in the literary science of Turkic-speaking peoples. In the Kazakh-Aralpak literature the folklore character in the genre of drama is explored in the framework of comparative research methodology.

The article examines the role of folklore foundations in the formation of Kazakh dramaturgy, determines the nature of comedies written on the theme of historical epics and legends. Analyzed and evaluated from a scientific point of view, the creative skills and characteristics of individual writers.

Keywords: comedy, dramaturgy, folklore, conflict, character, poetics

Әлеуметтік-экономикалық даму мен
құқықтық реттеудің өзекті мәселелері

Актуальные проблемы социально-
экономического развития и правового
регулирования

УДК 343.14

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АДВОКАТА-ЗАЩИТНИКА В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ

Нурмаганбет Е.Т., Асмаг С.М.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

Аннотация. Адвокатура является составной частью правовой культуры страны, поэтому мы рассмотрим устройство адвокатуры в США и Франции – представителей двух разных правовых систем: англосаксонской и романо-германской. Начнем с особенностей участия адвоката-защитника в уголовном процессе США. Сложная правовая система США, традиционно высокая роль правового регулирования жизни американского общества предопределяет особое место профессии адвоката по сравнению с другими профессиональными группами.

Ключевые слова: адвокат-защитник, уголовный процесс, предварительные расследования.

Изучение систем адвокатуры в зарубежных странах помогает также прогнозировать развитие института адвокатуры в нашей стране.

Адвокатура является составной частью правовой культуры страны, поэтому мы рассмотрим устройство адвокатуры в США и Франции – представителей двух разных правовых систем: англосаксонской и романо-германской.

Итак, начнем с особенностей участия адвоката-защитника в уголовном процессе США.

Сложная правовая система США, традиционно высокая роль правового регулирования жизни американского общества предопределяет особое место профессии адвоката по сравнению с другими профессиональными группами. Юристы занимают многие ключевые посты в экономике и государственно-политическом механизме США: здесь работает около 60% от общего числа юристов всего мира. Следующие данные свидетельствуют о социально-политической роли обладателей диплома юриста в США: из 42 президентов 25 были юристами; в частности, адвокатами по профессии были А. Линкольн, Ф. Д. Рузвельт, Г. Трумен, Р. Никсон, Б. Клинтон. Свыше половины сенаторов и почти половина членов палаты представителей Конгресса США – юристы. Обладателями дипломов юриста являются половина губернаторов штатов и 40 % дипломатов. Около 45 % лиц, занимавших с 1960-х годов высшие посты в правительстве, были юристами, более 25 % государственного аппарата составляли бывшие адвокаты [1, с. 239].

Термин «адвокатура» применительно к американской правовой системе может обозначать не совсем то, к чему привыкли юристы стран с континентальными правовыми традициями, где под адвокатурой подразумеваются юристы-профессионалы

и их добровольные, не связанные с государственными органами объединения, посвящающие себя делу оказания юридической помощи частным лицам и организациям, в том числе защите по уголовным делам и иным формам представительства в судах [2, с. 110].

Вместо коллегий адвокатов, столь знакомых юристам Франции, нашей и других стран, в США исторически сложились иные формы организации тех, кто занимается адвокатской профессией. В большинстве своем они состоят в различного рода ассоциациях практикующих юристов, в которые входят, наряду с теми, кого мы привыкли называть адвокатами, юристы иного профиля, к примеру, работающие в прокуратуре, полиции, в качестве юрисконсультов – владельцы и сотрудники фирм, обслуживающих бизнес. В каждом штате существуют свои ассоциации юристов. Есть объединения, сфера действий которых выходит за пределы одного штата и даже может охватывать всю страну. К числу последних относится широко известная Американская ассоциация юристов (American Bar Association) – в наши дни самая представительная в США.

Основная цель всех видов ассоциаций – содействие профессиональной деятельности своих членов, отбору лиц, способных выполнять функции практикующих юристов, поддержание их дисциплины и нравственного облика, достойного членов ассоциации, а равно – защита их интересов. Они организуют проверку знаний и способностей поступающих в члены ассоциаций, рекомендуют или не рекомендуют, или не рекомендуют их для занятия определенных юридических должностей (например, судей, прокуроров), вырабатывают правила этики юристов, обеспечивают их соблюдение, вносят в законодательные органы предложения по совершенствованию законодательства либо участвуют в подготовке издаваемых судами правил. В последние десятилетия стало традицией, что американские президенты консультируются, скажем, с Американской ассоциацией юристов относительно достоинств и недостатков изучаемых кандидатов на должности федеральных судей или прокуроров.

Членство в ассоциации налагает ряд существенных обязанностей, в том числе обязанность регулярного внесения членских взносов, постоянного поддержания высокого уровня своей квалификации, добросовестного отношения к выполнению соглашений об оказании юридической помощи, неуклонного соблюдения правил профессиональной этики и дисциплины, детальные требования которой разрабатываются и утверждаются органами самоуправления ассоциаций, поддержания своего профессионального престижа и престижа всей ассоциации и т.д.

